



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойы аясында студенттер мен магистранттар арасында ұйымдастырылатын
«Менің университетім»
атты шығармашылық байқау

ЕРЕЖЕСІ

Алматы, 2017

I. Жалпы ережелер

1.1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдығы қарсаңында 2017 жылдың 10-30 қараша күндері аралығында студенттер мен магистранттар арасында **«Менің университетім»** атты шығармашылық байқау өткізледі. Ұйымдастырылып отырған шығармашылық байқау (одан әрі – Байқау) – белсенді жастардың озық ойлары мен шығармашылық шабыттарын қолдап, білім ордамыздың мәртебесін арттыруға үлес қосады.

1.2. Осы Ереже байқаудың мақсат-міндеттерін, жүргізілу тәртібін анықтайды.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Байқаудың мақсаты – университеттің талантты жастарының шығармашылық қабілеттерін шыңдау, олардың зияткерлігі мен мәдени деңгейін арттыру, өз университетіне деген құрмет сезімдерін қалыптастыру.

III. Байқаудың міндеттері

3.1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің имиджін нығайтуға атсалысу.

3.2. Жастар арасында ұжымдық мәдениетті қалыптастыру

3.3. Жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру

3.4. Шығармашыл жастарды қолдау

IV. Байқау номинациялары

4.1 Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

- **«Университеттің Үздік әнұраны»** (университеттің тарихы мен жетістіктерін паш ететін өлең шумақтары, жігерлі әуендегі музыкалық сүйемелдеу);

- **«Үздік университет логотипі»** (университеттің келбетін сипаттайтын үздік таңба, компьютерлік графика арқылы жасалған сурет туындысы);

- **«Үздік сурет»** (университет өмірі мен студенттік шақтың ең қызықты сәттерін сипаттайтын фото жұмыстар);

- **«Үздік эссе»** – білім ордасы туралы ең үздік көркем шығарма. Мәтін университет өмірімен тікелей байланысты болуы қажет.

- **«Үздік әлеуметтік жоба»** (әлеуметтік саланы дамытуға, қоғам назарында қалыптасқан проблемалар мен көкейкесті жағдайларды азайтуға бағытталған жобалара) ;

- «*Студенттік жатақханалардың үздік безендіру дизайны*» (университет жатақханаларын үйлесімді безендендіру бойынша креативті идеялар ұсыну);

- «*Үздік ерікті*» (университет, қала, республикалық көлемде ұйымдастырылған мәдени-көпшілік шаралар мен түрлі жастар қозғалысының дамуына белсене араласып, кәсіби шеберлігін көрсете білген ерікті).

V. Байқаудың өткізілу тәртібі мен шарттары

5.1 Байқауға қатысушылардың жұмыстары 2017 жылдың 30 қарашасына дейін kaznpu_konkurs_2017@mail.ru электронды мекен-жайына қабылданады.

5.3 Байқауға қатысушылар өз жобаларын мемлекеттік және орыс тілінде жолдай алады.

5.4 Жұмыстың мазмұны байқаудың тақырыбына сай болуы қажет.

5.5 Байқауға жеке және топтық жұмыстар қабылданады. Байқауға жолданған жұмыстар қайтарылмайды, авторларға рецензиялар жазылмайды.

5.6 Интернет желісінен көшіріліп алынған, баспасөз бетінде жарияланған дайын материалдар (плагиат) қабылданбайды.

5.7 Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс;

5.8 Эссе мәтінінің көлемі 5 беттен аспауы қажет. Құжат А4 пішінді, жұмыс MS Word форматында жазылады, қарпі-Times New Roman; кегель-14; жол ара-қашықтығы – 1,5; оң жағы, жоғарғы және төменгі жағы-2 см..

5.9. Байқауға ұсынылатын жұмыстар қағаз және электронды нұсқада қабылданады.

VI. Байқау комиссиясы

6.1 Байқау жұмыстарына сараптама жүргізіп, «*үздіктерін*» іріктеу үшін арнайы комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

6.2 Комиссия құрамына Тәрбие департаменті қызметкерлері, Кәсіподақ ұйымының өкілдері, Студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің мүшелері және т.б. кіреді.

6.3. Комиссия байқау жұмыстарына іріктеу жүргізу нәтижесі бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Комиссия байқау жұмыстарын келесі талаптар бойынша іріктейді:

- Жұмыстың идеялық ерекшелігі;
- Жұмыстың тақырыпқа сай болуы;
- Жұмыстың сапалы орындалуы;
- Құрылымдық және мазмұндық бүтіндігі;

6.4. Комиссия мүшелерінің шешімі түпкілікті, қайта қарауға жатпайды.

VII. Жеңімпаздарды анықтау және сыйлықтар қоры

7.1 Конкурс қорытындысы бойынша әрбір номинация жеңімпаздары бағалы сыйлықтар және дипломдармен марапатталады.

7.2. «Үздік» атанған жұмыстар университеттің www.kaznpu.kz ресми сайтына және инстаграм әлеуметтік парақшасына @kaznpu_zhastar_official орналастырылады.

VIII. Ұйымдастырушы комитет

Байқау ұйымдастырушысы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тәрбие департаменті және Жастар ісі жөніндегі комитеті.

Жауапты тұлғалар: Бота 87477485248, Балжан 87472286015.

Мекен-жайы: №1 оқу ғимараты 209 кабинет, 206 кабинет.
тел.: 291-83-82, 291-90-14,

Барлық байқау жұмыстары мына электрондық мекен-жайы бойынша қабылданады: kaznpu_konkurs_2017@mail.ru, kaznpu_tarbie@bk.ru.

ӨТІНІШ

1. Байқауға қатысушының аты-жөні,
тегі _____
2. Туған жылы, күні, айы

3. Институт атауы

4. Мекен-жайы, байланыс
телефоны _____
5. E-mail _____
6. Коркурстық номинация
атауы _____
7. Жеке куәлігінің нөмірі _____

Ескерту: Байқауға қатысушының жеке куәлігінің көшірмесі өтінішке қоса тіркелуі тиіс.